9.3.6. Сақтандыру жағдайын қасақана жасау, сондай-ақ сақтандыру төлемін заңсыз алуға бағытталған өзге де алаяқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

9.4. Пайда алушы:

9.4.1. Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жәбірленушінің қайтыс болуына

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

байланысты зиянды өтеуге құқығы бар адам), сондай-ақ Сақтандырушының осы Шартында белгіленген жауапкершілік көлемінің шегінде жәбірленушіге (зиянды өтеуге құқығы бар адамға) келтірілген зиянды өтеген және сақтандыру төлемін алуға құқық алған Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе өзге адам пайда алушы болып табылады.

9.4.2. Мүлікке зиян келтірілген кезде осы мүліктің меншік иесі, ал ол қайтыс болған жағдайда – зиянды өтеуге құқығы бар адамдар жәбірленуші деп танылады.

9.4.3. Жәбірленушінің жазбаша түрде ресімделген өтініші немесе нотариаттық куәландырылған сенімхат бойынша сақтандыру төлемі оған денсаулығын және (немесе) мүлкін қалпына келтіру бойынша қызметтер көрсеткен (көрсететін) адамға тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.

9.5. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі:

9.5.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Шартта көзделген, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Сақтандыру төлемі теңгемен жүзеге асырылады.

9.5.2. Бірнеше жәбірленушінің мүлкіне зиян келтірілген жағдайда, Сақтандырушы барлық жәбірленушілердің құжаттарын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде, бірақ басқа Сақтандырылушылардың құжаттарды табыс етуіне қарамастан, Сақтандырушыға құжаттарды бірінші болып табыс еткен жәбірленушіден құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей сақтандыру төлемін бастауға міндетті.

9.5.3. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан оқиға нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығы нашарласа (мүгедектік немесе неғұрлым жоғары мүгедектік тобы белгіленсе) не ол қайтыс болса, онда Сақтандырушы жәбірленушіден (Пайда алушыдан) түскен өтініш пен тиісті құжаттар негізінде осы Шартта белгіленген тәртіппен және мөлшерде сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеуді жүргізуге міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

9.5.4. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған жағдайда, сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

9.5.5. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі болмаған кезде, сақтандырушы ішкі істер органдары берген оқиға схемасы бар жол жүрісі қағидаларын бұзу туралы хаттама негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құқылы.

9.6. Тікелей реттеу:

9.6.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде жәбірленуші немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеуге құқығы бар адам келтірілген зиянды өтеуді алу үшін, кінәсінен сақтандыру жағдайы орын алған адамда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты болған жағдайда, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша жәбірленушінің жауапкершілігін сақтандырған сақтандырушыға жүгінуге құқылы. Зиян келтірілген мүліктің меншік иесі болып табылмайтын жәбірленуші Заңда көзделген тәртіппен кінәсінен сақтандыру жағдайы орын алған адамның сақтандырушысына жүгінеді.

9.6.2. Келтірілген зиянды өтеуді сақтандырушы осы Шарттың 6.2-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізеді. Сақтандырушының тікелей реттеу шеңберінде жүзеге асыратын, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеуі ол үшін жәбірленушімен жасалған көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындау және сақтандыру төлемі болып табылмайды.

9.6.3. Кінәсінен сақтандыру жағдайы орын алған адамның сақтандыру компаниясы сақтандыру жағдайын реттеген сақтандырушыға нақты төленген соманы өтейді.

10. Зиян келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы

10.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушы мынадай жағдайларда төленген сома шегінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) кері талап қоюға құқылы: 1. Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына септігін тигізген, қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, қасақана әрекеттері салдарынан туындаса; 2. Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның көлік құралын алкогольдік, есірткілік немесе токсикоманиялық масаңдық күйде басқаруы салдарынан туындаса; 3. көлік оқиғасы орын алған сәтте көлік құралын басқарған тұлғаның оны басқару құқығы болмаса; 4. сот талқылауы барысында сақтандыру жағдайы көлік құралының Сақтанушы (Сақтандырылушы) білген немесе білуі тиіс болған техникалық ақаулары салдарынан орын алғаны анықталса; 5. көлік құралы өзінің техникалық мақсатына тән емес мақсаттарда пайдаланылса; 6. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайынан келетін шығындарды азайту бойынша қасақана шаралар қолданбаса; 7. көлік құралын басқарған тұлға көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалса; 8. көлік құралын басқарған және психоактивті затты тұтыну және масаңдық күйін анықтау үшін куәландыруға жіберілген тұлға дәлелді себептерсіз мұндай куәландырудан өтпесе.

10.2. Егер осы тармақтың 8.1-тармақшасында аталған жағдайларда зиян келтіруге кінәлі тұлға көлік құралын оның иесімен еңбек қатынастарына байланысты немесе оның иесінің қатысуымен мәміленің жазбаша нысанын рәсімдеусіз пайдаланған тұлға болса, онда

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Сақтандырушы осы көлік құралының иесіне кері талап қоюға құқылы.

10.3. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға, ол төлеген сома шегінде, Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру нәтижесінде сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы ауысады. Бұл ретте, егер сақтандыру жағдайы автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстарға қанағаттанарлықсыз қызмет көрсетуден туындаған жол жағдайларының себебінен орын алғаны анықталса, сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға көлік құралы иесінің осындай жағдайларды туғызуға кінәлі тұлғаға талап қою құқығы ауысады.

11. Сақтандыру төлемінен бас тарту

11.1. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы, егер сақтандыру жағдайы: 1. Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына септігін тигізген, қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, қасақана әрекеттері салдарынан туындаса; 2. Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болатын қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан туындаса.

11.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар да негіз бола алады: 1. Пайда алушының шығынды өтеуге кінәлі тұлғадан шығынның тиісті өтемін алуы; 2. Сақтанушының (Сақтандырылушының) көлік құралын жарыстарда, сынақтарда немесе бұл үшін арнайы арналған орындарда жүргізуді үйрету кезінде пайдалануы; 3. көлік құралына жүк тиеу немесе одан жүк түсіру кезінде зиян келтірілуі; 4. жәбірленушінің ақша, бағалы қағаздар, алтын, күміс бұйымдар, қымбат бағалы заттар, әшекейлер, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түріндегі мүлкіне зиян келтірілуі; 5. жәбірленушінің осы шарттың 3.4-тармағының 3) тармақшасындағы талаптарды бұзуы.

11.3. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады, егер сақтандыру жағдайы: 1. ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зарарланудың әсері; 2. әскери іс-қимылдар; 3. азаматтық соғыс, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер салдарынан туындаса.

11.4. Жәбірленушінің моральдық зияны, өткізіп алған пайдасы, соның ішінде мүліктің тауарлық құнын жоғалтуы, сондай-ақ жәбірленушінің тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) мерзімдерін, келісімшарттар (шарттар) бойынша өзге де міндеттемелерін бұзуына байланысты тұрақсыздық айыбын өтеу өтелмейді.

11.5. Сақтандыру полисінде көрсетілген зақымдалған көлік құралы үшін сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

11.6. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы өтінішті және осы Шарттың 5.1-тармағында көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

12. Тараптардың жауапкершілігі

12.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

12.2. Орындаушының жауапкершілігі

12.2.1. Шарт талаптарына сәйкес көрсетілетін қызметтердегі ішкі елдік құндылық есептемесі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімдіп төлейді.

12.2.2. Орындаушы өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және (немесе) аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, Орындаушы анықталған әрбір сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

12.2.3. Орындаушы Шарттың 6.1.12-тармақшасында көзделген міндеттемені бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге факторинг шарты бойынша басқаға берілген ақшалай талап сомасының 30% (отыз пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

12.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі

12.3.1. Исполнитель Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушы туралы мәліметтерді «Самрук-Қазына» АҚ Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесіне енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

12.4. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімдіпті) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

12.5. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

заңнамасына сәйкес жауапты болады.

12.6. Сақтандырушы сақтандыру полистерін ресімдеуді кешіктірген жағдайда, Сақтанушыға мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін осы Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысының 0,1% мөлшерінде өсімдіп төлеуге міндетті.

12.7. Сақтандырушы сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмаған жағдайда, Сақтанушыға мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін осы Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысының 0,1% мөлшерінде өсімдіп төлеуге міндетті.

12.8. Өсімдіпті өндіріп алу Тараптарды осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаудан босатпайды.

12.9. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

13. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

13.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

13.2. Сатып алу туралы шарттың жобасына немесе жасалған шартқа Тәртіптің тиісті тармағында (тармақтарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша өткізілетін (өткізілген) сатып алу шарттарының мазмұнын және/немесе Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныстың мазмұнын өзгертуі мүмкін өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

13.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

13.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

13.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ Тәртіпте белгіленген өзге де жағдайларда;

13.3.3. Көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді мақсатсыздығына байланысты;

13.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс беруші шығындарының қысқаруы жағдайында;

13.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/бақылау кеңесінің (Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органы/бақылау кеңесі болмаған жағдайда — басқару органының/жоғары органының (қатысушылардың жалпы жиналысының) шешімі негізінде өндірістік қажеттіліктің болмауы жағдайында. Көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негеді мақсатсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға оның іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

13.4. «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі тұлғасындағы сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган сатып алудан бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушінің шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шарт бұзылған күнге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлей отырып, Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

13.5. Егер шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылса, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарының тиісінше орындалмауы салдарынан туындаған іс жүзінде шеккен шығындар мен шығыстарды, сондай-ақ қойылған өсімдіптер мен айыппұлдар сомасын қаржылай өтеуді талап етуге құқылы.

13.6. Осы Шарт бойынша өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда жасалуы және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюы тиіс.

13.7. Шарттың/сақтандыру полисінің тоқтатылу шарттары: Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі: 1. сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткенде; 2. сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылғанда; 3. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттейтін алғашқы сақтандыру жағдайы туындағанда.

13.8. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушы сақтандыру полисін алып қоюға тиіс.

13.9. Бұл ретте көлік құралының иесі (егер ол жойылмаған болса) өзінің таңдауы бойынша осы міндетті сақтандыру түрін (класын) жүзеге асыруға құқығы бар кез келген сақтандырушымен көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жаңа мерзімге жасасуға міндетті.

13.10. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату үшін Сақтанушы (Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, оның мұрагері (мұрагерлері) Сақтандырушыға жазбаша өтініш береді.

13.11. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған және осы сақтандырушымен жаңа сақтандыру шарты жасалған кезде сақтанушы мынадай формула бойынша есептелетін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаруға құқылы: ССБ=СС*n/N, бұл жерде: ССБ –

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен); СС – сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен); n – сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап ол мерзімінен бұрын тоқтатылған сәтке дейін өткен мерзім (күнмен), өтініш берген күнді қоса алғанда; N – көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған мерзім (күнмен).

13.12. Осы сақтандыру Шартының 11.5-тармағында көзделген шарт сақталмаған жағдайда, сақтанушы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылкуы кезінде мынадай мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаруға құқылы: Шарт күшіне енген сәттен бастап ол мерзімінен бұрын тоқтатылған сәтке дейін өткен мерзім — 15 күнге дейін (қоса алғанда), сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен) — 15 %; 16 күннен 1 айға дейін (қоса алғанда), сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық saqtandyrý syılyqaqysynan paızben) — 20 %; 1 айдан 2 айға дейін (қоса алғанда), сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен) — 30 %; 2 айдан 3 айға дейін (қоса алғанда), сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен) — 40 %; 3 айдан 4 айға дейін (қоса алғанда), сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен) — 50 %; 4 айдан 5 айға дейін (қоса алғанда), сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен) — 60 %; 5 айдан 6 айға дейін (қоса алғанда), сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен) — 70 %; 6 айдан 7 айға дейін (қоса алғанда), сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен) — 75 %; 7 айдан 8 айға дейін (қоса алғанда), сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен) — 80 %; 8 айдан 9 айға дейін (қоса алғанда), сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен) — 85 %; 9 айдан 10 айға дейін (қоса алғанда), сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен) — 90 %; 10 айдан 11 айға дейін (қоса алғанда), сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен) — 95 %; 11 айдан асса, сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен) — 100 %.

14. Хат-хабар

14.1. Егер Шарт талаптары бойынша қандай да бір хат-хабар жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе кімнің де болсын шешімдерін ұсыну немесе беру қажет болса және өзгеше уағдаластық болмаса, онда хат-хабардың мұндай түрі негізсіз бас тартуларсыз және кешіктірулерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

14.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабар алмасу бойынша барлық құжаттарда Шарттың нөмірі көрсетілген Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

14.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуы тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және қолма-қол не почталық хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық почтамен берілуі, содан кейін факстік/электрондық нұсқасы алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасы ұсынылуы тиіс.

14.4. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама почтаның жеткізілгенін растайтын почта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

15.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу үшін осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету мақсатында кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

15.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды

15.3. Осы Шарттың Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір тәсілмен ынталандырудан, оның ішінде олардың атына ақшалай сомаларды, сыйлықтарды ұсыну, олардың пайдасына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке түсіретін және осы қызметкердің оны ынталандырушы Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

15.4. Тараптардың бірінде қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап басқа Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

15.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің қолданылатын заңнамада пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын осы талаптардың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қандай да бір ережелерін бұзуы орын алғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе жорамалдауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

15.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас жасау тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

15.7. Тараптар Тараптардың сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылу тәуекелдерінің алдын алу мақсатында комплаенс-тексерулер жүргізу бойынша рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.8. Тапсырыс беруші Шарттың басқа Тарабын «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының (бұдан әрі – Саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді. Шартты жасасу арқылы басқа Тарап «ҚТЖ» ҰК» АҚ Саясатымен танысқанын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының талаптарын сақтауға және олардың қызметкерлерінің сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға міндеттенеді.

15.9. Шарттың мақсаттары үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу кезінде жасалатын қасақана іс-әрекеттер не Тараптар қызметкерінің ақша, құндылықтар, сыйлықтар және өзге де мүлік немесе мүліктік, физикалық не моральдық сипаттағы қызметтер түрінде пайда алу, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік құқықтарды алу мақсатында Тараптардың заңды мүдделеріне қайшы өз қызметтік жағдайын өзге де заңсыз пайдалануы, не басқа жеке тұлғалардың көрсетілген тұлғаға мұндай пайданы заңсыз беруі және өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды алу жатады.

15.10. Тарапта Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алды немесе орын алуы мүмкін деген негізді жорамал туындаған жағдайда (басқа Тараптың қызметкеріне (қызметкерлеріне) қатысты сыбайлас жемқорлық қылмысын жасауына байланысты қылмыстық істің қозғалғаны туралы ақпарат не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы өзге де сенімді ақпарат алынған кезде), мұндай Тарап бұл туралы тиісті фактілерді көрсете отырып, басқа Тарапқа жазбаша нысанда хабарлауға міндеттенеді (бұдан әрі – Хабарлама) және басқа Тараптан Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың орын алмағаны немесе орын алуы мүмкін еместігі туралы растау алынғанға дейін Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға құқылы. Көрсетілген растауды басқа Тарап Хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ұсынуға тиіс.

15.11. Тапсырыс беруші Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың жасалғаны туралы сенімді ақпарат алған кезде және осы баптың ережелерін сақтаған жағдайда, басқа Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен толық немесе ішінара бас тартуға, сондай-ақ басқа Тараптан Шартты бұзудан келтірілген шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

15.12. Шарттың басқа Тарабында Шарттың қандай да бір ережелерінің бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, Шарттың басқа Тарабы кез келген ыңғайлы тәсілмен, оның ішінде байланыс ақпараты Тапсырыс берушінің корпоративтік веб-сайтында орналастырылған «жедел желі» арқылы Қоғамды дереу хабардар етуге міндеттенеді.

16. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша дауларды реттеу ерекшеліктері

16.1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде Сақтандырушы (зардап шегуші, пайда алушы): 1) Сақтандырушыға (соның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) өзінің талаптарын көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберуге, не көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсменіне (тікелей сақтандыру омбудсменіне, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы арқылы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) не сотқа өтініш жіберуге құқылы

16.2. Сақтандырушы сақтандырушыдан (зардап шегушіден, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде оны қарастырады және дауды реттеудің бұдан былайғы тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап ұсынады.

16.3. Сақтандырушы (зардап шегуші, пайда алушы) сақтандыру омбудсменіне жүгінген жағдайда, Сақтандырушы сақтандырушының, зардап шегушінің (пайда алушының), сақтандыру омбудсменінің сұратуы бойынша сұрату алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды ұсынуға міндетті

17. Қосымша шарттар

17.1. Осы Шарт бойынша Сақтандырушының міндеттемелері үшінші тұлғаларға беріле алмайды. Бұл ретте Сақтандырушының құқықтары Сақтандырушының жазбаша келісімімен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

17.2. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу азаматтық заңнама нормаларына сәйкес жүзеге асырылады. Осы Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалса және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса, жарамды болып табылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

17.3. Осы Шартты бұзу туралы хабарлама Шартты бұзу туралы хабарлама жіберген Тарапты хабардар ете отырып, тапсырысты хатпен жіберілуге тиіс. Барлық хабарламалар, мәлімдемелер, ұсыныстар және өзге де құжаттар, Шартты бұзу туралы хабарламаны қоспағанда, Тараптардың бірі оларды тиісті түрде алғаннан кейін немесе оларда көрсетілген мерзімде күшіне енеді.

17.4. Осы Шартта реттелмеген барлық өзге де шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

17.5. Осы Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер жүргізу арқылы шешеді. Реттелмеген даулар Астана қаласында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады».

17.6. Осы Шарт әр Тарап үшін бір-бір данадан 2 (екі) данада жасалды

17.7. Осы сақтандыру Шартында реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

17.8. Сақтандыру агенті, комиссиялық сыйақы – көзделмеген».

18. Электрондық шот фактуралар үшін нақты деректемелер

18.1. "Алушы" "ҚТЖ "ҰК"АҚ Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, №6 үй. БСН 020540003431 серия 62001 №0028193 19.11.2012 Ж., Қазақстан Республикасы

18.2. "Жүк алушы" "Қазақстан темір жолы "ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының филиалы - "Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі" Ақтөбе қаласы, А. Молдағұлова даңғылы 49 БСН 011241002835 р / с KZ 106010121000016208 "Қазақстан Халық банкі"ф-ле облысында БИК HSBKKZKX КБЕ 16 Тел. 8(7132) 97-40-69, 97-42-35, 97-46-89.

18.3. Ақтөбе ПЛ көлемі үшін" жүк алушы " мынадай:

18.3.1. "Жүк алушы" "Қазақстан темір жолы "ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының филиалы - "Ақтөбе қорғаныш орман екпелерінің қашықтығы" Ақтөбе қаласы, Ломоносов көшесі, 1-үй БСН 120241011814 р / с KZ 416010121000159016 "Қазақстан Халық банкі"ф-ле облысында БИК HSBKKZKX КБЕ 16

18.4. Ақтөбе ПЧМ көлемі үшін" жүк алушы " мынадай:

18.4.1. «Жүк алушы» «Қазақстан темір жолы «ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының филиалы – «Ақтөбе машиналандырылған жол дистанциясы» Ақтөбе қ., Алматы ауд. Привокзальная к. 22Е БСН 020241004781 р / с KZ71601A121011819661 «Қазақстан Халық банкі» ф-ле облысында БИК HSBKKZKX КБЕ 16

18.5. Ақтөбе СМО көлемі үшін" жүк алушы " мынадай:

18.5.1. «Жүк алушы» «Қазақстан темір жолы «ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының – «Ақтөбе мамандандырылған көпір жасағы» филиалы Ақтөбе қ., Алматы ауд. Привокзальная к. 22Е БСН 250641028215 р / с KZ34601A121011819551 «Қазақстан Халық банкі» ф-ле облысында БИК HSBKKZKX КБЕ 16

19. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы Астана қ., Дінмұхаммед Қонаев, 6 БСН 020540003431 БСК HSBKKZKX ЖСК KZ376010111000018002 АО “Народный Банк Казахстана” Тел.: +7 (717) 260-5388	_____ _____ _____ БСН _____ БСК _____ ЖСК _____ _____ Тел.: _____
_____ _____	_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
13481 У	Автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша қызмет көрсетулер, Автомобиль көлігі иелерін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша қызметтер	Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру. Техникалық сиппатамға сейкес	1.000	1.000	-		11 049 698.32	ҚАЗАҚСТАН, Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Ақтөбе к., филиал АО "НК "КТЖ" - "Актобинское отделение магистральной сети"	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап 365 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Баға ұсынысына сұранымы құжаттамасының пакетінің құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №3 қосымшасы

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	Тіркеу нөмірі	Өндірілетін қазақстандық тауардың атауы	Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы	Тауар өндірушінің БСН/ЖСН	Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100 %)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
2. Шарт бойынша контрагенттің өзі де, оны жеткізушілер де болуы мүмкін тауарды жеткізуші көрсетіледі.
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауар коды (ТЖҚ БНА). Қол жетімді: http://www.enstru.skc.kz/. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде (бар болса) ТЖҚ БНА кодына сәйкес келуге тиіс.
8. Тіркеу нөмірі. Мысал: 20003886.
9. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеге сәйкес өндірілетін тауардың атауы.
10. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы.
11. Тауар өндірушінің БСН/ЖСН (жеткізушінің БСН/ЖСН міндетті түрде сәйкес келмейді).
12. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні. Мысал: 25.03.2026.
13. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде көрсетілген тауардағы елішілік құндылық үлесі (%). Үзінді болмаған жағдайда 0-ге тең.
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шығарылған елінің коды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (=∑15(кесте 1)+∑8(кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке услуг №_____

г._____ «__»_____2026 г.

Акционерное общество "Национальная компания "Қазақстан темір жолы", именуемое в дальнейшем «Страхователь», в лице _____ _____, действующего на основании _____, с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Страховщик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерного общества «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и организаций пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления, утвержденным решением Совета директоров АО «Самрук-Қазына» (№193 от «03» марта 2022 года) (далее – Порядок), и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупках услуги (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем.

Исполнитель, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: •является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; •отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; •оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора; • тщательно изучил и понял содержание Кодекса поставщика акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы», размещенного на корпоративном сайте акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» (далее - Кодекс поставщика), а также подтверждает, что Исполнитель действует в полном соответствии с Кодексом поставщика».

1. Предмет Договора

1.1. Предметом договора является обязательное страхование гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств.

1.2. По настоящему Договору считается застрахованной гражданско-правовая ответственность Страхователя (Застрахованного), возникшая в результате причинения вреда третьим лицам самим Страхователем (Застрахованным) либо в случае: 1)управления транспортным средством лицом, имеющим право на его управление в присутствии Страхователя (Застрахованного); 2)управления транспортным средством лицом на основании трудового или иного договора со Страхователем (Застрахованным), оформленного в письменной форме; 3)управления транспортным средством лицом, противоправно завладевшим транспортным средством, если ответственность за причиненный вред возложена на Страхователя (Застрахованного).

1.3. На каждую единицу эксплуатируемого транспортного средства Страховщиком оформляются и выдаются Страхователю страховые полисы.

1.4. Перечень и сведения о транспортных средствах, ответственность Страхователя (Застрахованного) при эксплуатации которых застрахована по настоящему Договору, указаны в Приложении №4 к Договору, являющемся его неотъемлемой частью.

